

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Әзілхан Нұршайықовтың «Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады» деген мағыналы сөзін біз де құптаймыз. Осы баяндамамыз арқылы еңбегімен еленген Буванова Александра Александровнаның өмір жолын, еңбек жолын кейінгілерге үлгі етіп, еңбектің қадір-қасиетін дәріптеудің, еңбек арқылы құрметке бөленген өнегелі өмір иелерін ұлықтаудың маңызы зор. Мұны «Әлемнің әміршісі – еңбек!» деген қанатты сөздің мән-маңызын жаңарған әлемде жастар жадына құя берудің зор мүмкіндігі деуге болады. Ұрпағымызға жақсы үлгі етуге тұратын қажетті де лайықты іс орындалып жатса, бұл біздің рухани жаңғыруымызға қосылған зор үлесіміз дер едім.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Түркістан облысының мемлекеттік архиві (бұдан әрі –ТОМА), №431 қор, 1 тіз., 2 іс, 1, 1об беттер.
2. ТОМА, №431 қор, 1 тіз., 21 іс, 1 бет.
3. ТОМА, №431 қор, 1 тіз., 20 іс, 1 бет.
4. ТОМА, №431 қор, 1 тіз., 18 іс, 1 бет.

ӘОЖ 93/94

ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ МЕН ҚАЙТА ТАЛДАУ

Ахмет Нұрзат Нұршатұлы
nurzatakmet47@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Тарих факультетінің студенті
Ғылыми жетекшісі - Мусабалина Г.Т.

Отандық тарихымыздың хандық кезеңінде аты қазірге дейін халық есінде сақталған көптеген ірі де, атақты хандар болған. Солардың бірі әйгілі Шығайдың баласы Тәуекел хан. Тәуекел хан билігі тұсын хандықтың ішкі және сыртқы жағдайының тұрақтала отырып, күшею дәуірімен сипатталады. Тәуекел хан басқа хандардан айырмашылығы оның ерекше де, қызықты өмірі пен билік құрған уақыты. Мәуеренахрдағы билік әулетінің ауысуы, көшпенділердің отырықшы-мәдени регион Мауеренахрға соңғы жалпы ұйымдастырылған жорығы, тағыда басқа осындай ірі саяси оқиғалар Тәуекелдің тікелей қатысуы мен әсерінсіз болмаған. Оның хандық тұсында Қазақ хандығы Орыс мемлекетімен, Ирандағы Сефевидтер және оңтүстіктегі көршісі Шайбанидтермен сауда, дипломатиялық, әскери байланыс орнатқаны туралы тарихи жазбалар да көптеп кездеседі. Сонымен қатар, Тәуекелдің тек билік аспектісінен басқа, оның жеке қасиеттердің айта кеткен жөн. Халық жадында бұл ханның ақыл парасаттылығы, батырлығы, лидерлік тұстары жақсы сақталғаны бізге белгілі.

Тәуекел хан мен оның әкесі Шығай ханның билік тұсында көптеген айтылған мәселелер бар. Бүгінгі менің ғылыми мақаламның мақсаты осы Отандық тарихымызда қалыптасқан ой пікірлерге жаңа жақтан көзқарастар айту. Тауекел, Таукел, Тауке, Тоқай. Шығайдың Йахшим бикемнен туылған баласының есімдері ортағасырлық әдебиеттер мен деректер осындай нұсқаларда кездеседі. Тәуекел арабша Құдай еркіне бағынатын адам дегенді білдіреді.

1582 жылы Хақназардың өлімінен соң хандықтың ішінде қайтадан саяси таққа талас пен тұрақсыздық кезеңі басталады. Бұл тұжырымдаманы Ресейге ноғай ордасынан келген елшілік материал құжаттарында Байкеш Теміровтың сөздерінен көруге болады. «А в Казатцкой орде у улустных людей ныне меж себя рознь. А государя на Казатцкой орде нет, а есть деи у них царевич, да ещо не посажен. А многи из Казатцкой Орды люди разошлись по иным землям, И в Нагай, и в Бухары [1].

М.Абусейтова ойынша, Хақназар ханның өлімінен соң, Абдалла ханның сеніміне ие болуға және де Хақназардың кегін алу мақсатында Шығай өзінің ұлы Тәуекелмен бірге Баба сұлтанға қарсы шығады. Екі жақ арасында Талас бойында шайқаста Шығай Баба сұлтаннан

жеңіліп, хандық ішінде дәрежесінің шайқалуына және әскер тұрғыдан әлсіреуіне алып келеді [5, 72 б.]. Хафиз Таныштың "с давних пор проявлял себя как сторонник его величества государя Абдаллах хана" [2, 72 б.] сөзіне қарасақ, Шығай мен Тауекел Хақназар тұсында-ақ Абдалламен байланыс орнатып қойғанға көрінеді. Осы жағдайда сәйкес, Шығай ішкі хандықтағы басқа қазақ ақсүйектерінің ығыстыруына байланысты танысы Абдаллахтың жөнінде болуды жөн көреді.

Тауекелдің хан тағына билікке жолы ауыр да, қиын да болды. Ол XVI ғасырдың 80 жылдары өзінің жеке әскерімен Абдаллах ханның Баба сұлтан және Дервиш сұлтанның ұлдарымен арасындағы соғыстарына, біріншінін жағында белсенді қатысты.

1582 жылдың басында Абдаллах хан Баба сұлтанға және оның жақтастарына қарсы тағы да жорығын бастайды, бұл жорық өзбек ханына осы жолы сәтті болады. Ал Шығай үшін осы жорық соңғы болады. Тауекел сұлтан болса, Баба сұлтанды өлтіріп, басын Абдаллахқа жеткізіп, Африкент вилайетіне ие болады.

1582 жылы Шығайдың өлімінен соң Тауекелге әкесінен қалған билік кезегі келеді. 1583 жылдың жазында Тауекел өз әскерімен Абдаллахтың Әндіжан мен Ферғанаға жорығына қатысады. Қазақ сұлтанына бұл жолы да әскери сәттілік күледі: себебі ол Шибанид Махди-сұлтанды және Баба-сұлтанның ұлы Абдал-Гаффарды тұтқындап, өлтіреді. Бірақ Хафиз-и Таныштың айтуынша, Бұхараға жорықтан оралған кезде, Тауекел Абдаллах ханнан күдіктеніп, оны тастап, "Дешті Қыпшаққа" кетіп қалады [3, 232 б.].

Сонымен, 1583 жылдың жазында Тауекел Мауереннахрдан кетіп, өзінің ерекше өмірімен өмір сүрген қазақ даласына кетіп қалады. Тауекелдің бұл қадамының себептері түсінікті. Тауекел Абдаллахтың маңаында бола отырып, өз халқының тәуелсіз билеушісі болуға үміттеніп алмады. Екінші жағынан, Баба сұлтанмен және оның ағасы Дервиш сұлтанның ұлдарымен болған жеңісті соғысының аяқталуымен екеуінің арасында артық ортақ мақсат болған жоқ, қазақтардың көшпелілеріне жақын орналасқан Сыр-Дарья оң жағалауы Бұхараның билігін түпкілікті мойындағандықтан және сонымен бірге Абдулла тек пайдалы әскери одақтастар ретінде қараған қазақ сұлтандарын қолдаудың қажеттілігі де жойылды; өз кезегінде, Сырдария маңы қалалары мен Ташкентті иеленуге ұмтылған қазақ сұлтандары енді олардың атынан Абдаллах хан – одақтас емес, қарсылас.

Отандық тарихымызда Тауекелдің хан болуы 1582 жылдар деп көрсетеді. Алайда, Шығайдың өзінің бүкіл қазақтың ханы болғандығының өзіне көптеген сұрақтар бар. Осыны ескере отырып, Тауекелдің хан болуы 1588 жылдан кейін деп болжаса болады.

Дәлел ретінде, 1594 жылы Мәскеуге бағытталған елшілік басшысы Құл- Мұхаммедтің сөзін мысал келтіруге болады. Яғни, қазақ елшісі мен Ораз Мұхаммедтің арасындағы диалог кезінде, Құл- Мұхаммедтің Тевкель-царевич царь учинился нынче [4] деген сөзіне қарай отырып, Ораз Мұхаммедтің ағасының хан болғанын әлі білмегенін көруге болады. Бұл тұжырымдама тарихи шындыққа әбден келуі мүмкін, себебі 1583 Тауекел өз бауырларымен қазақ даласына келгеннен өзіне бірнеше сұлтандар мен хандар болған. Солардың бірі Ташкент көтерілісіне қатысқан Хақназардың ұлдары Мыңғатай және Дін Мұхаммед сұлтандар. Абусейтованың еңбегіндегі Ташкент көтерілісін оқи отырып, екі сұлтанның негізгі ұлыстары Дешті қыпшақ даласы болған деп тұжырымдама жасаса болады [2, 77 б.]. Байқалғандай Тауекелдің хандық олимпіне жолы оңай болмаған, сондықтан қазақ ханы қолдағы биліктің барынша қадірлеп ұстаудың қажеттілігін түсінеді.

XVI ғасырдың II жартысында Қазақ хандығының қауіпсіздігіне Сібір ханы Көшіммен байланысқан Бұхара ханы шайбанид Абдаллах елеулі қатер төндірді. Бұл жағдайда Тауекел хан одақтас іздеп, 1594 жылы Тауекел хан Орыс царі Федорға Құл Мұхаммед бастаған елшілік жібереді. Құл-Мұхаммедтің елшілігі қазақ орыс тарихы үшін есте қаларлықтай: себебі ол қазақ- орыс қарым-қатынастарында ресми түрде бірінші болды.

Сонымен, қазақ елшілігінің алдында мынадай миссиялар тұрды Ораз Мұхаммедтің қайтару және Абдаллахмен соғыста Мәскеуге көмегіне сүйену. 1595 жылы наурыз айында қазақ елшілігіне царьдің грамотасы табыс етіледі. Онда Орыс царі Тауекелге өзінің патша қолының астына алатындығы, хан мен сұлтандарға отты қару жіберілетіні айтылады, содан

кейін Царьдің қалауымен қазақ ханы Бұхар ханымен және Көшіммен соғысатыны айтылған.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақ ханы бір өзі Көшім мен Абдаллахты тыныштандыру керек болатын. Ораз Мұхаммед мәселесі бойынша, царь тек Тәуекелдің өз ұлы Усейн (Хусейн) сұлтанды аманатқа жіберген жағдайда ғана келісетіні көрінеді. Келіссөздерді бақылай отырып, оның Қазақ ханына тиімсіз болғанын көруге болады. Ескере отыратын бір жағдай, Тәуекел хан Ресей царьнің арасындағы келіссөздер, біріншінін екіншісіне саяси бағыныштылық жағынан емес, керісінше Абдаллахқа қарсы әскери одақ ретінде қарастырған жөн. Сол жылы Құл-Мұхаммедтің елшілігіне жауап ретінде тілші Вельямин Степановты Мәскеу Қазақ даласына жібереді.

Вельямин Степанов Федор царьға өз миссиясының орындалғандығы туралы айтады «Тевкель царь твоему. жалованью добре обрадовался, чтил и корм присылал доволен». Келесі: «А послал к тебе, государю, сына свое Мурата царевича да посла своего Кулмаметя, которой был утебя, государя, наперед сего, да послом, государь, брат его да людей его три человеки» [4].

Одан әрі ол Ырғыз өзеніне және қазіргі Қазақстанның сусыз далалары - Пегим тауларына (Қазіргі Талас Ала-Тау) қарай жүрді. Қазақ ордасы мен Ресейдің арасындағы қарым қатынастарды бақылай отырып мынадай үш маңызды аспекті анық байқалады:

1. Қазақ ханы Ресеймен қарым қатынасқа тек, бір-ол әскери одақ құру мақсатында ғана барған. Ал құжаттарда Ал құжаттарда әрине, Ресей өзін қуатты мемлекет санағандықтан, оларда Орта Азиялық хандықтарға, соның қазақ ордасына деген империялық жоғарғы санаушылық байқалады. Оны орыс царінің сөздерінен байқауға да болады.

2. Келісімді объективті түрде алып қарасақ, жақсы бағытта дамыған, алайда келісімдегі Орыс царь қойған талаптар, қазақ ханына сол кездегі саяси ситуацияны ескере отырып, тиімсіз көрінген.

3. Мұрад сұлтанның тағдыры. Вельямин Степановтың жіберген хатында Құл-Мұхамедпен бірге Тәуекел өз ұлы Мұрад сұлтанды жібергені айтылады. Бірақ, кейінгі деректерде Тәуекелдің ұлы жайлы ешқандай ақпараттар кездеспейді. Бұл жағдайдан екі тұжырымдаманы шығаруға болады. Мұрад сұлтан Мәскеуге жеткен, бірақ ары қарай тағдыры белгісіз немесе Ораз Мұхамедтің қазақ ордасына оралмауына байланысты, қазақ сұлтаны Мәскеуге жетпеген.

Орыс қазақ қарым-қатынасы кезінде тағы бір назар аударатын момент байқалады. Ол қазақ қызылбас елшілері арасында байланыс. Қазақ елшілерінің Мәскеуге келуі Сефевид елшілігінің келуімен тұспа тұс келген. Бұл жағдайды естіген Құл-Мұхаммед Борис Годуновтан елшілермен кездесуге рұқсат сұрайды. «А ныне побей челом Борису Федоричеву, чтобы Борис Федорович государю был печальник, послы пришли кизылбаские ко государю, чтоб государь пожаловал, ослободил мне с кизылбаским видетца, чтоб мне с ними, видясь, переговорить, что кизылбаскому бухарской недруг, чтоб нам с кизылбаским сослатца и стоять бы с кизылбаским на бухарсково. Яз бы ныне с ними переговоря, с ними в Кизылбаш своего товарища послал, а посол бы кизылбаской со мною одного шахова человека послал, чтоб дяде твоему Тевкелю царю быть с кизылбаским в ссылке» [5, 245 б.].

Байқалғандай, қазақ елшілігі болашақта бұхар ханына қарсы Сефевидтер әулетімен одақ құруды жөн көрген. Осы келіссөздердің нәтижесінде қазақ елшісі Құл-Мұхаммед өз өкілін Иран шахы Аббасқа, ал Иран елшісі Гадибек өз өкілін Тәуекел ханмен келіссөздер жүргізу үшін жібереді. «... Борис Федорович доложил царя и велел бы послу Казатцкие Орды, сослався видетца с кизылбаским послом, чтоб кизылбаской посол с ним послал в Казатцкую Орду человека, а он, казатцкой посол, пошлет человека к шахус шаховым послом Гадибеком и с шахом теми людьми сошлютца» [5, 245 б.].

Сонымен, қазақ-сефевид арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі ретінде әзірше тарихи деректер кездеспегендіктен, бұл қарым қатынастың немен аяқталғанын білмейміз. Дамып отырған тарихи оқиғалар қарай отырсақ, Тәуекел қызылбаштармен бірге жорыққа немесе қарым қатынасқа түспеген. Бұл дегеніміз екі жақсы қарым-қатынасына Бұхар хандығы жағынан қарсы әрекеттер болған немесе Сефевидтер қарым-қатынас қазақ ханына тиімді

көрінбеген. Анығы тек, Дервиш Мұхаммед Қазақ хандығы территориясы арқылы өз еліне қайтуды жоспарлаған, алайда Тәуекел қызылбаш елшісінің бұл әрекетіне рұқсат бермеген. Себебі, уақытша болсада өзбек ханымен орнаған нәзік келісімді Тәуекел бұзғысы келмеген.

Шах Махмуд бен Мирза Фазил чорас еңбегінде қазақ ханының сыртқы саясатындағы жаңа бір қыры ашылады. Ол бойынша Тәуекел хан Моғол мемлекетіндегі Тұрфан мен Чалыштағы саяси істерге белсенді қатысқан. Яғни, таққа кім отыратыны туралы соңғы сөз Тәуекелде болғанын көрсетеді [6, 176 бет]. Бұл дерек парсы-тәжік, түркі және орыс тарихи материалдарымен жақсы танымал осы ханның дипломатиялық және әскери қызметінде мүлдем жаңа аспектіні ашады. Егер осы уақытқа дейін біз Тәуекелді Ресеймен және Орта Азиямен дипломатиялық байланыстары, оның шайбанид Абдаллах-хан II мемлекетіндегі әскери-саяси қызметі және Жетісудағы қазақ иеліктері бойынша білетін болсақ, енді оның сыртқы саяси байланыстары қарама-қарсы бағытта, Шығыс Түркістан бағытында созылып жатқаны анықталуда.

Інісі Есім ханның Шығыс Түркістандағы қызметі, оның Чалыш пен Тұрфан территориясына қоныс аударуы, осы елде қоныстануы және моғол соғыстарына қатысуы сияқты барлық іс әрекеттері ағасының бастауымен болған көрінеді. Сонымен қатар, Тәуекел тұсында қарақалпақтың көптеген руы хандық құрымында болғанын байқауға болады.

Т.А.Жданко ойынша, қарақалпақ руынан шыққан 40 өкіл қазақ ханынан Ұлытау маңынан көшіп қонуға жер сұрайды. Тәуекел олардың өтініштерін қабыл алып, жер беріп бастарына ұлын хан етіп қояды. Алайда бірнеше жылдан соң қарақалпақтар ханның ұлын өлтіріп тастайды. Ашуланған Тәуекел өзі берген жерлерді тартып алып, қарақалпақтар жан жаққа қашып кетеді [7, 87 б.].

Қорытындылай келе, Қазақ хандығының тарихындағы ерекше орнын қалдырып кеткен қазақтың бұл ханы туралы не десе болады? Тәуекел о дүниеге нағыз күші тасып тұрған және өз өміріндегі кульминациялық моментінде кетті. Қазақтың ханы жайлы оның замандасы Абдулланың сарайында қызмет еткен Хафиз и Таныш былай айтады по храбрости, смелости, и мужеству являлся единственным во всем мире и славился в Дешт и Кыпшаке. Бұл сөздерден Тәуекелдің табиғатынан талантты батыр, ақылды тұлға болғанын көруге болады.

Сонымен қатар Тәуекел жақсы да, лайықты ұл болған. Әкесі тірі болғанда оған лайықты құрмет көрсеткен, о дүниеге аттанғанға дейін тастамаған. Тек Шығай қайтыс болған соң ғана Тәуекел біз білетіндей өз жолымен кеткен. Қазақ ханына қандай қасиеттер тән? Бірінші, ол елі алдында қарыз екенін түсінді. Абдаллахтың маңында отырықшы рахат әлемінде болсада қазақ ханы туған жерін ұмытпаған. Екінші, ол ісіне адалдығы, оны біз Өзбек ханына қызмет еткенде көруге болады, яғни Баба сұлтанды тағы да басқа Шайбанидтерді өлтіргенінен. Үшінші, батыл іс әрекетке баруы, мысалға өз өміріне қауіпті түсінген ол өзбек ханын тастап, далаға болашақта күресті жалғастыру мақсатында кетіп қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. РГАДА. Ф. 127. Оп. 1. Д. 10. Л. 4.
2. Абусейтова М.Х. Казахское ханство второй половине XVI века. - Алма-Ата: Наука, 1985, 104 с.
3. Хафиз Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. Шараф наме. (Книга шахской славы). Часть 1 -М.: Наука, ГРВЛ, 1983, 536 с.
4. Казахско русские отношения в XVI-XVIII. - Алма-Ата: АН Казахской ССР, 1961, 741 с.
5. Атыгаев. Н.А. Проблема взаимоотношений Казахского ханства и Сефевидского (Кызылбашского) государства в XVI в. ке. Режим доступа https://www.studmed.ru/atygaev-na-kazahi-i-sefevidy_8749d836b3a.html. 12.03.2023
6. Хроника / Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О. Ф. Акимовича. — 2-е изд. — С П б.: Петербургское лингвистическое общество, 2010, 496 с.
7. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. - М.: Наука, 1982, 160 с.